

Қалалық білім бөлімі  
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасы



**«Ойна да ойлан» бағдарламасының ересек  
тобына арналған перспективалық жоспары  
2021-2022 жыл**

**Атырау қаласы**

## Түсіндірме

Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті – ойын, сондықтан да мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

«Ойна да ойлан» бағдарламасы жаратылыстану-математика бағытын қамтиды.

**Жаңалығы:** Мектепке дейінгі білім берудің мазмұндық аспектілерін баланың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша бағдарлама.

**Өзектілігі:** «Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігі» (ҚР-да білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

**Ерекшелігі:** Қарапайым математикалық түсініктерді балаларға бақылау, салыстыруды үйретеді; зейін, ой, ес, шапшаң т.б. психикалық сапаларды, тапқырлық, зеректік, есептеу т.б. математикалық қабілеттерін дамытады; баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жастағы, қоршаған ортасын жаңа танып келе жатқан, балаларды қарапайым математикалық түсініктермен, қоршаған орта және айналамен таныстыруға арналған. Бағдарламада жоспарланған тақырыптар балаларды алған білімдерін функционалды және шығармашылықпен қолдану, зерттеу жұмыстарын жүргізу, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдеріне белсенді қатысу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға бағытталған.

**Бағдарламаның басты мақсаттары:** Математикалық ұғымдарды қолдану және әзірлеу арқылы мектепке дейінгі жастағы балаларды қарапайым математикалық түсініктермен, қоршаған орта және айналамен таныстыру; жеке тұлға етіп жан-жақты тәрбиелеу.

### Міндеттері:

— Мектепке дейінгі балаларға жас ерекшелігіне қарай санауды, заттың түсімен, пішінімен, көлемімен таныстыру, заттардың сипаттамалық белгілерін қабылдауды жетілдіруге бағытталған;

— Балалардың сөздігін толықтыру, дыбысты дұрыс айтуларын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуді, өз ойын дұрыс айта білуді дамыту;

Тақырыбы	Мақсаты	әдіс-тәсілдері	кұралдары
<p><b>Қыркүйек айы</b></p> <p>1.«Математика еліне саяхат»</p>	<p>Бір немесе одан да көп заттарды салыстыру. (1 және одан да көп). Жыл мезгілі – күз. «Биік –аласа, биіктігі жағынан бірдей» , «Үлкен,-кішкентай » деген математикалық ұғымдары салыстыру арқылы бекіту. Геометриялық пішіндер: дөңгелек пен шаршымен танысуды жалғастыр</p>	<p>Ғажайып сәт: «Математика еліне саяхат» I бекет- заттар пішіні II бекет- Ұзын –қысқа III бекет- Пішіндер Сұрақ –жауап Сергіту сәті Дидактикалық ойын: «Біреу және көп»</p>	<p>Пішіндер, таяқшалар, сандар, суреттер.</p>
<p>2.«Сандар елінде»</p>	<p>«Ұзын-қысқа, ұзындығы жағынан бірдей», «Жуан-жіңішке , кең-тар » ұғымдарды айыруды үйрету. Кеңістікті бағдарлау: оң жақ-сол жақ, ортада, алдында-артында. Геометриялық пішіндер: дөңгелек, шаршыға ұқсас затты табу.</p>	<p>Ғажайып сәт : Сандар туралы жұмбақ Сұрақ – жауап Тест (Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке) Дидактикалық ойын: «Қай жерде тұр?»</p>	<p>Сандар, жолақшалар, гүл, плакаттар, карандаштар</p>
<p>3. «Көңілді қонақтар»</p>	<p>Геометриялық пішіндерді бекіту: шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш, дөңгелек . Тәулік бөліктері: «таңертен, күндіз, кеш, түн». Пішіндер түрі , түсі және көлемі бойынша ажырату.Салыстыру: үлкен -кіші, кішкентай, көлемі жағынан бірдей</p>	<p>Ғажайып сәт: «Диего» мультсериалы Мультсериалдар кейіпкерлері тапсырмасы Сұрақ – жауап Дидактикалық ойын: «пішіндерді тап.»</p>	<p>Әр балаға сандар, геометриялық пішіндер таратылады. суреттер, тәулік бөліктері (слайд арқылы)</p>
<p>4. «Цирк»</p>	<p>Санау тәсілдерін пайдалана отырып,заттарды санауды үйрету. ( 2 көлеміндегі сандар) . 2-ге дейінгі сандармен тура және кері сандарды, бірліктен тұратынын бекіту Геометриялық пішіндермен түрлі заттарды құрастыруды қайталау, заттардың көлемін (ұзын-қысқа) бекіту. Тәулік бөлігі : күндіз-түн</p>	<p>Ғажайып сәт: Сайқымазақ достарымен Қонақтардың тапсырмалары Сұрақ – жауап Ойын : «Сақиналар»</p>	<p>Сандар, қағаз, сақиналар, суреттер жануарлар, карандаш, сайқымазақ</p>

<p><b>Қазан айы</b> 5. «Орман патшалығында ...»</p>	<p>Сурет бойынша айналаны (жоғары- төмен, оң- сол) бағдарлауды үйрету. 3 цифры және санының құрамымен қайталап танысуды жалғастыру. Тура және кері санау. Заттардың кеңістікте орналасуы: жоғарыда- төменде, алыс- жақын.</p>	<p>Орманға саяхат. Түлкімен кездесу Сұрақ – жауап Сурет бойынша әңгімелесу. Дидактикалық ойын : «Қайда?»</p>	<p>Кеңістікті бағдарлауға суреттер Үлестірмелі саңырауқұлақтар және қояндар</p>
<p>6.«Сықырлы математика әлемінде»</p>	<p>1 ден 3-ке дейінгі сандық белгілер мен санауды бекіту. Балаларды «Көп- аз, бірнеше , көбірек, азырақ, сонша» тең бөліктері туралы ұғымдарымен таныстыруды жалғастыру. Шаршы және тіктөртбұрышты өзге пішіндер арасынан ажыратып, таба білу.</p>	<p>Сықырлы әуенмен сықырлы кілемшемен саяхат Пішіндерді салыстыру: Көп-аз, сонша Сандарды теңестіру: Орамалдар көбірек-азырақ Ойын :«сықырлы пішіндер»</p>	<p>Сандардар, геометриялық пішіндер,плакаттар, карандаштар.</p>
<p>7 . «Жеті лақ ертегісі»</p>	<p>4 цифры және санымен танысуды жалғастыру (тура және кері санау). Реттік сан есімдер: бірінші, екінші, үшінші , төртінші . Тәулік бөліктері: кеше,бүгін, ертең Беттестіру арқылы заттарды ұзындығы мен енін салыстыра білуді бекіту. «кең- кеңдеу, тар- тарлау, ұзын-қысқа» деген сөздерді айтып қолдану, қағаз бетінде бағдарлауды үйрету.</p>	<p>-ертегіні тамашалау (қуыршақ театры арқылы қойылым) -Реттік санау: 4-ші лақтың тапсырмасы -Тәулік бөліктері -Салыстыру: Ені мен ұзындығы -Дидактикалық ойын: «Қасқыр мен лақтар»</p>	<p>Қуыршақ театры кейіпкерлері , тәулік бөліктері суреті, салыстыруға арналған үлестірмелі құралдары.</p>
<p>8. «Менің көңілді добым»</p>	<p>1 мен 4 сандары туралы өткенді пысықтау: тура және кері санауды, 4-ке дейін реттік санауды бекіту. Заттарды пішініне қарай геометриялық фигуралармен сәйкестендіру. Геометриялық пішіндер: дөңгелек және сопаша. Кеңістікте орналасқан заттарды табу және санау.</p>	<p>-«Доп беру » ойыны -Доптарды санау арқылы : Тура және кері санау -Заттың санын цифрмен сәйкестендіру -Пішіні мен түсіне тоқталу -дөңгелек пен сопақша Дидактикалық ойын: «Көрші-көрші»</p>	<p>4 доп, 1-ден 4-ке дейінгі цифрлар Үлестірмелі дөңгелектер мен сопақша</p>

<p><b>Қараша айы</b> 9. «Суретшінің шеберханасына саяхат»</p>	<p>1-4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру. Жыл мезгілдері : күз,қыс, көктем, жаз туралы білімдерін пысықтау. Апта күндерінің реті. Балалармен геометриялық пішіндерді қайталап бекіту</p>	<p>-Суретшінің қарсылауы -«Кемпірқосақ» ойыны Апта күндерін түстерге бөлу (түстерді бекіту) -суретшінің тапсырмасы: 4 топқа бөлу- күз , қыс, жаз, көктем мезгілдерін сипаттау дидактикалық ойын: «Дәл осындай пішінді тап»</p>	<p>Үлестірілмелі жыл мезгілінің суреттері, 7 түрлі түсті геометриялық пішіндер</p>
<p>10. «Көлемді денелер»</p>	<p>Балаларға көлемді және жазықтық денелер туралы түсінік беру. Балаларға көлемді денелерді атап, көрсету. Сандық реттегі сандардың орналасу тәртібі. Алдыңғы және келесі сан. Тәулік бөлігі: таңертең, түс , кеш, түн. Таныс заттарды биіктігіне қарай (Биік-аласа) салыстырып, сол белгілері бойынша кеңістікте орналастыру.</p>	<p>Құрылысшының келуі: -көлемді және жазық денелерді салыстыру -үй құрастыру Кірпіштерді санау -кірпіштерді биіктігіне қарай орналастыру. -Тәулік бөліктері Ойын: «үйдің есігін жабайық »</p>	<p>Құрылысшы құралдары, Көлемді және жазық пішіндер,</p>
<p>11.«Айырмашылығын тап»</p>	<p>1-ден 4-ке дейін тура және кері санауды, геометриялық жазық денелер және көлемді денелерді бекіту. 3-4 сандарын салыстыру. Шар , дөңгелек , сопақша (өзге пішіндер арасынан табу.) Бір- біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы айырмашылығын табу.</p>	<p>-Жұмбақ жасыру. (күз мезгіліне байланысты) -Жапырақтарды тура және кері санау -геометриялық пішіндер Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап»</p>	<p>Үлестірілмелі шар , дөңгелек , сопақшалар , күзгі жапырақтар, айырмашылығы бар екі сурет</p>
<p>12. « Жұп және тақ сандар»</p>	<p>Үлгі бойынша санау. Жұп және тақ сандарды ажырату. Нүкте, түзу және үзік, ирек сызық. Ақ қағаз бетін бағдарлай білу : ортада, оң жоғарғы жағы- сол жоғарғы жағы, оң жақ төмені- сол жақ төменде.</p>	<p>-Маша мен аю қонақта -жұп және тақ санды ажырату -ақ қағаз бетін ажырату. Қағаз бетіне Машамен бірігіп нүкте, түзу , ирек сызықтарды белгілеу. Дидактикалық ойын: «Жұп және тақ»</p>	<p>Үлестірілмелі жұп және тақ сандар, Ақ қағаздар мен сызық үлгілері</p>

<p>Желтоқсан айы 13. « Шалқан » ертегісі желісімен</p>	<p>5 цифры және санымен танысуды жалғастыру. Өзге цифрлар арасынан 5-ті табу. Ақ қағаз бетін бағдарлауды нақтылау. Жазық пішін мен көлемді денелерді, ирек, үзік сызықтарды бекіту. Кесіндімен таныстыру. Балалардың логикалық ойлау, қиялдау қабілетін дамыту.</p>	<p>Қуыршақ ертегісінің кейіпкерлері қонақта -ақ қағаз бетін бағдарлау тапсырмалары -кесіндімен танысу. Ойын: «Не өзгерді?»</p>	<p>1-5-ке дейінгі сандар ,жазық және көлемді денелер</p>
<p>14. «Біз бесеуіміз бесеуіміз, Бес тармақты жұлдызбыз! »</p>	<p>1,2,3,4,5 сандары туралы өткенді нақтылау. «Қанша, қанша болса сонша, тең» ұғымдарына логикалық есептер шығару. Балалардың 1-ден 5-ке дейін тура және кері санауды бекіту.</p>	<p>«Санамақ» ойыны (1-ден 5-ке дейінгі сандар) Слайдтан логикалық есептер: -қанша? - қанша болса сонша</p>	<p>Слайдтан сандар, есеп шығаруға жұлдызшалар 3+2, 5-3</p>
<p>15 «Сандар үйшігі»</p>	<p>Үлгі бойынша санау және сандар байланысын түсіндіру. «Кең-тар», «алыс-жақын» ұғымдарын пысықтау. Тәулік бөлігі: күн-түн, күндіз-түнде Көлемді заттарды салыстыруға жаттықтыру: ең үлкен, ең кішкентай т.б.</p>	<p>-«Сандар» ойыны Тура және кері орналасу -Сандардың үйшікке орналасуы: Кең және тар үйшіктер -Үйшіктердің орналасуы: Алыс және жақында Үйшіктерді салыстыру: -Ең үлкені –ең кішісі Дидактикалық ойын: «Күн және түн»</p>	<p>Балаларға сандар маскасы, сандар орналасатын үйшіктер, Тәулік бөлігіне арналған А 3 сурет</p>
<p>16.«Аяз Ата елінен сәлемдеме»</p>	<p>Үлгі бойынша санау және сандар байланысын түсіндіру. «Кең-тар», «алыс-жақын» ұғымдарын, тәулік бөлігі: күн-түн, күндіз-түнде пысықтау Көлемді салыстыруды жаттықтыру: ең үлкен- ең кішкентайы, ең ұзын, ең кеңі т.б балаларды көп- аз, теңді анықтай біліуге үйрету.</p>	<p>Ақшақардан бейне құттықтауын тыңдау. Аяз Ата сыйлығының тапсырмалары: -«Санамақ» айту - Салыстыру: кең-тар, алыс-жақын -көп-аз Дидактикалық ойын: «Сыйлық кімге бұйырады?»</p>	<p>Тәулік бөлігіне арналған А 3 сурет</p>

<p>Қаңтар айы</p> <p>17. «Ертегі еліне саяхат»</p>	<p>6 цифры және санымен танысу . 6 санының құрамы. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндер пішінін көре білуге үйрету. Заттардың санын 6 санымен сәйкестендіру. Кеңістікті бағдарлауды қайталау. Жыл мезгілін, тәуліктік бөліктерін бекіту.</p>	<p>Ертегі айтушы қонақта</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- « Ағайынды алты ұл» ертегісі</li> <li>- «Цифрды тап» ойыны</li> </ul> <p>геометриялық пішіндерді цифрмен сәйкестендіру.</p> <p>-Көрініс жұмбақ: «Бұл қай кезде болады?»</p>	<p>1-ден 6-ға дейін үлгі және үлестірмелі цифрлар, цифрмен сәйкестендірілген геометриялық пішіндер</p>
<p>18. Ауладағы қарғалар</p>	<p>6 саны туралы қайталау.5-6 сандарын салыстыру. Түрлі арақашықтықта орналасқан заттарды теңестіруді үйрету. Сопақшаны бекіту. Қосу мен азайтуға арналған есептерді шығару, көп, аз, тең белгілерін дұрыс қоя білу</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-кұстардың қысқы тірлігі (мультсериалдан үзінді)</li> <li>-логикалық есеп:</li> </ul> <p>Екі сымның бойындағы қарғалар</p> <p style="text-align: center;">6-1, 5+1</p> <p>- &lt;, &gt; белгілерін қоя білу.</p> <p>Дидактикалық ойын : «Теңестіру»</p>	<p>Үлестірмелі жолақша, 12 дана сопақша. 1-ден 6-ға дейін үлгі және үлестірмелі цифрлар,</p>
<p>19. «Жеті шал»</p>	<p>Жыл мезгілі (қыс) және қыс айлары мен апта күндері «нешінші, қайсысы?» ұғымдарына жауап табу.</p> <p>Балаларды 1- ден 6-ға дейін тура және кері санауға үйрету. Балаларды жұп және тақ сандарды айтуға, логикалық қосу мен азайтуға есептерді шығаруға үйрету. Балаларды апта күндерінен тізбектеп айтуға, кеше аптаның қай күні болғаны, бүгін қай күні, ертең қай күні, оның арғы күні қай күн болатынын анықтап үйрету.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-«Жеті шал» ертегісі</li> </ul> <p>Аталарды ретімен орнастырып отырғызу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Жұп және тақ сандар</li> <li>- жыл мезгілі және айларына логикалық сұрақтар</li> </ul> <p>Дидактикалық ойын: «Жыл атасы»</p>	<p>Жыл мезгілдері туралы слайд, үлестірмелі сандар</p>
<p>20. «Не, қайда, қашан?»</p>	<p>Реттік санау ,апта күндерін ретімен атау туралы өткенді пысықтау. «Алыс-жақын», «жылдам-ақырын, жуырда» ұғымдарын бекіту. Заттардың сұлбасынан геометриялы фигураларды табуға үйрету. Сандар туралы жұмбақ пен ребустарды шешу жолдарын үйрету.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Ойын алаңына орналасу</li> </ul> <p>I тапсырма: Жыл мезгілдері, апта күндері туралы жұмбақтар шешу</p> <p>II тапсырма: Кеңістікті бағдарлау</p> <p>II тапсырма: Геометриялық пішіндерге ребустар</p>	<p>Ребустар , сурет жұмбақ , қара қорапша,геометриялық пішіндер</p>

<p>Ақпан айы 21. «Жеті лақтың ойыны»</p>	<p>7 цифры және санымен танысу . 7 санының құрамы. Заттың санын салыстыруға оқиға ретін қоя білуді үйрету. Геометриялық пішін: цилиндрмен танысу .математикалық диктант арқылы жазық пішіндерді, сызықтарды, бұрыштарды бекіту.</p>	<p>-«жеті лақ» ертегісінің саусақ театры кейіпкерлері -ертегі желісі бойынша Заттың санын салыстыру -цилиндр туралы түсінік беру -дидактикалық ойын : Математикалық диктант</p>	<p>Саусақ театры , жеті лаққа жеті цилиндр, математикалық Диктанттар жинағы</p>
<p>22. «Аққалалар сайысы»</p>	<p>Сандық есеп және 7-ге дейін санау. Екі топтағы заттарды салыстыру. Сандық және реттік санауды ажырата білу. Заттардың еніне қарай салыстыру: ұқсастығы мен айырмашылығы , қосу мен азайтуға есептерді шығару: көп, аз, тең</p>	<p>-геометриялық пішіндерден аққала жасау - Екі топқа бөлініп сайысу: I. Сандық және реттік санау II. Еніне қарай салыстыру III. Ұқсастығы мен айырмашылығы IV. Логикалық есептер</p>	<p>Пішіндері әртүрлі дөңгелектер</p>
<p>23. «Жүргізуші мен торғайлар »</p>	<p>Реттік санауды (7-ге дейінгі сандар) жалғастыру. «Қанша, нешінші?» сұрақтарына жауап беру. Цилиндр пішінін бекіту. Кеңдігі бойынша заттарды салыстыру үйрету. Тәулік бөлігі: таңертең-кеш, күндіз-түн, қосу мен азайтуға есептерді шығаруды, көп, аз, тең белгілерін дұрыс қойып үйретуді жалғастыру. Заттарды <math>\frac{1}{2}</math> және <math>\frac{1}{4}</math> бөлшектерге бөлу жөнінде, бүтінмен бөлшектің арасындағы қарым – қатынасты айыру.</p>	<p>-жүргізуші машинасымен қонаққа келеді. -Қай тәулік бөлігі (слайд сұрақтар) - Цилиндр неге ұқсайды? (Топтағы ойыншықтар арасында) ойын -заттар мен сандарды салыстыру -торғайларға алманы бөліп беру. Дидактикалық ойын : «Жүргізуші мен торғайлар »</p>	<p>Жүргізуші құралдары, слайд материалдар , Бүтін және қиынды алмалар ,торғайлар маскалары.</p>



24 «Пішіндер құпиясы»	Шеңбер ,шаршы, үшбұрыш, сопақша ,тік төртбұрыш , цилиндр туралы өткенін пысықтау. 1- ден 10-ға дейін тура және кері санауды, жұп және тақ сандарды 10-ға дейінгі реттік санауды, қосу мен азайтуға есептерді шығаруды, көп, аз, тең белгілерді дұрыс қоюды бекіту. Диктант арқылы жазық пішіндерді, сызықтарды, бұрыштарды бекіту.	-«Пішіндерді тап» ойыны Суретпен жұмыс: Суретке қарап тура және кері санау -сандардың көршілері -қосу және азайтуға есеп (көп-аз белгілерін қою) -дидактикалық ойын: «Кім алғыр?» (Геометриялық пішіндерді салыстыру)	Кеспе сандар, геометриялық пішіндер, үлестірме суреттер ,тест
Наурыз айы 25.«Таңғажайып алаң»	8 цифры және санымен танысу . 8 санының құрамы. Сандық есеп және 8-ге дейін санау. Дөңгелекті 2 және 4 бөлікке тең бөлу. Толық және бөлінбеген түрлерін салыстыру. Көзбен шамалау қабілетін дамыту.	«Таңғажайып алаңға» тап болу -I тапсырма: «Терезені орнына қой» -II тапсырма: 8 саны және құрамы - «Екі сараң қонжық» Дөңгелектерді бөліктерге бөлу.	Мультимедия, сандар мен геометриялық пішіндер ,ертегі персонаждары
26. «Ал, санайық , санамақ»	1-ден 8-ге дейінгі сандарды тура санауды бекіту, реттік сандарды айыра білу. Заттардың кеңістікте орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтауды , Ойлау қабілеттерін, білімін дамыту.Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.	-Сан араласқан тақпақтар -тура және кері санамақ -сандар айтысы - жұмбақ : Заттардың кеңістікте орналасуы -сергіту сәті -ойлау есептері	Сандар , пішіндер, плакат- суреттер

<p>27. «Ұшқыр ойлы , белсенді, тапқыр болайық» (интеллектуалды ойын)</p>	<p>Реттік санау туралы өткенді пысықтау. Жыл мезгілі - көктем және айлары. Шартты өлшеу арқылы заттардың ұзындығын өлшеу және салыстыру. Кеше, бүгін ,ертең, арғы күні. Балаларға дәптерлерінде көп бұрыштардың нүктенің жәрдемімен сурет салғызу. Балалардың естеріне түсіру шеңбердің центрін, кеңестік бағдарлау.</p>	<p>- «Сан реті бойынша орналасу»  I тапсырма- Ойна да ойлан (логикалық сұрақтар)  II тапсырма-Көршісін тап  III тапсырма- Қосу және азайту.  IV тапсырма-Мезгіл және уақыт.  V тапсырма- Нүктенің көмегімен суретін сал</p>	<p>Суреттер , тапсырмалар , моншақ салынған қапшық, желілер</p>
<p>28.«Лақ пен бұзау» ертегісі желісімен</p>	<p>7 мен 8 санын салыстыру. Жұп және тақ сандар, қосу-алу амалдарын логикалық тапсырмалар арқылы орындау. Шартты өлшеу арқылы заттардың кеңдігін өлшеу және салыстыру. Бұрыштар: тік, қисық, үшкір. Апта күндері туралы түсініктерін бекіту.</p>	<p>-Лақ пен бұзау ( диалог)  - «Төлдерге көмек»  Сан мен цифрдаң байланысы  -«Көңілді поезд» (логикалық есеп)  -«Төлдердің үйін тап» (көлемін өлшеу)  - «Бүгін қай күн?»  Апта күндері мен уақыт</p>	<p>Бұзау мен лақ маскасы, логикалық есептер жинағы, әр түрлі көлемдегі пішіндер</p>

<p>Сәуір айы 29. «Киелі сандар»</p>	<p>9 цифры және санымен танысу . 9 санының құрамы. 9-ға байланысты заттық, ұлттық ұғымдарды меңгерту. Қағаз бетін бағдарлауды жалғастыру. «Қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру. логикалық қосу мен азайтуға есептерді шығаруға, апта күндерінен тізбектеп айтуға, балаларды имандылық ,ізгілік , адамгершілікке тәрбиелеу</p>	<p>-Дархан атаның қонаққа келуі «Киелі сандар» ұғымы 9 санымен танысу - атаның қоржынынан : 5. Ұлттық аспап пен бесқарудың суреті; Сандар. Кемпірқосақтың 7 түсі; -Ойын: «Жанды апта» (үстел үстіндегі сандарды алып,) -Топтық жұмыс I топ-отбасы мүшелері суретін салу II топ- 5 аспап пен 5 қаруды ажыратып жапсыру III топ- 7 түспен кемпірқосақты бояу</p>	<p>1-9 аралығындағы сандар, ұлттық аспап пен бесқарудың суреті салынған қоржын, 7 түсті бояу қарындаш</p>
<p>30. «Алаңқайдағы үйшік»</p>	<p>Реттік санау және 9 санын бекіту. Кеңістікті бағдарлау. Өздеріне белгілі заттарды нақты геометриялық пішіндермен салыстыру. « Көп және аз» белгісімен 8 және 9 санын салыстыру. 1-ден 9-ға дейін тура және кері санауды, жұп және тақ сандарды 9-ға дейін реттеп санауды, қосу және алу есеп шығаруды, саның белгілерін бекіту. Шаршыны теңестіру жолымен 4 бөлікке бөлу. Геометриялық пішіндерді қайталау, жыл мезгілдерін , тәулік уақытын қайталау.</p>	<p>-Ертегілер әлеміне саяхат -9-ға дейін тура және кері санау -ойын: «Қай санды жасырдым?» -ойын: «Не өзгерді?» (8-9 сандарын салыстыру) -логикалық есеп: «Нешеу?» (жыл мезгілі мен тәулік бөлігі) -тең бөлікке бөл</p>	<p>Жалпақ үйшіктің суреті, 9-ға дейінгі сандар белгісі, үлестірмелі материалдар(ұсақ сандар, геометриялық пішіндер)</p>
<p>31. «Тапқыр достар»</p>	<p>Геометриялық пішіндер және оларды бөліктерге бөлу. Бірнеше пішінді пайдаланып бір зат құрастыру. (Мыс: үй, машина, дөңгелек қуыршақ т.б). «Қанша, нешінші?» сұрақтарына жауап беру. Цилиндр пішінін бекіту.Кеңдігі бойынша заттарды салыстыруға үйрету. Тәулік бөлігі: таңертең-кеш, түс, күндіз-түн,</p>	<p>-Алдар Көсе бейне фильмі (ауызша жұмыс) -пішіндерді пайдаланып, зат құрау. -суретпен жұмыс: Тәулік бөліктері -«Жасырынған таңбалар»</p>	<p>«Алдар Көсе» дискісі, жемістер суреті, заттық суреттер</p>

<p>32. «Мысығым менің қайда екен?»</p>	<p>Реттік санау туралы өткенді қайталау (1-9 аралығында). Кеңістікті бағдарлау: астында-үстінде, ішінде-сыртында . Орналасу реті: отыр-жатыр, жүріп келеді- тоқтап тұр. «Ұзын-қысқа, ұзындығы жағынан бірдей», «Жуан-жіңішке , кең-тар » ұғымдарды айыруды үйрету.</p>	<p>-Мысықтың келуі - «Жасырынбақ » ойыны (астында-үстінде, ішінде-сыртында) -мысықтар жасырынған қорапшаларды салыстыру. -Мысықпен ойын: «мен не істеп жатырсын» (отыр-жатыр, жүгіріп келемін)</p>	<p>Ойыншық мысық, 1-9 аралығында,</p>
<p>Мамыр айы 33. 10 санымен танысу.</p>	<p>10 цифры және санымен танысу . 10 санының құрамы Заттың санын цифрмен салыстыру. Геометриялық пішіндер және олардың көлемі мен түстері. Оларды қағаз бетіне орналастыра білу дағыларын жетілдіру. Үлгі бойынша санау және сандар байланысын түсіндіру. «Кең-тар», «алыс-жақын» ұғымдарын, тәулік бөлігі: күн-түн, күндіз-түнде пысықтау</p>	<p>-Санамақ айту. - 10 саны қалай пайда болды? (суретпен жұмыс) -суретке қарап есеп құрастыру (тәулік бөлігіне) -10 санының інілері (кері санау) Дидактикалық ойын: «Қарама-қарсы сөздер»</p>	<p>Кеспе сандар , геометриялық пішіндер, үлестірмелі суреттер</p>
<p>34. Ойлан тап</p>	<p>9 мен 10 санын салыстыру. Математикалық жұмбақтар мен есептер. Тәулік бөліктері : Оқиғаның ретін анықтауды үйренуді жалғастыру. Екі топтағы заттарды теңестіру. «Үлкен-кіші», «кішкентай», «өте кішкентай». Әр түрлі ара қашықтықта орналасқан екі топтағы заттарды салыстыру. Ақ қағаз бетін бағдарлауды нақтылау. ирек, үзік сызықтарды бекіту. Балалардың логикалық ойлау, қиялдау қабілетін дамыту.</p>	<p>-«Өзі де, шешуі де өлең жұмбақтар» (тәулік бөліктеріне) - түрлі –түсті қарындаштар санау және теңестіру (9-10 санын салыстыру) -қағаз бетін бағдарлау Ирек,үзік сызықтарды белгілеу -дидактикалық ойын: «Сандар шатасты»</p>	<p>түрлі –түсті қарындаштар 1-10 сандар , Тор көз парақшалар</p>

<p>35. «Жүлде кімге бұйырады?» (Интеллектуалды сайыс)</p>	<p>Көңілді тапқырлар отауы: ойын сұрақтары- сан және санау, геометриялық пішіндер , заттың санын цифрмен сәйкестендіру, кеңістікті бағдарлау , тәулік бөліктеріне негізделеді. Үлгі бойынша санау. Жұп және тақ сандарды ажырату. Нүкте, түзу және үзік, ирек сызық. Ақ қағаз бетін бағдарлай білу : ортада, оң жоғарғы жағы- сол жоғарғы жағы, оң жақ төмені- сол жақ төменде.</p>	<p>-Ойын алаңына орналасу -I бөлім Жоғалған сандар -II бөлім Пішіндер сайысы -III бөлім Ақ қағаз бетін бағдарлау «Мені тауып көр » Жасырынбақ сұрақтар</p>	<p>Кеспе сандар , логикалық есептер жинағы, әр түрлі көлемдегі пішіндер</p>
<p>36. Көңілді тапқырлар отауы (Командалық сайыс)</p>	<p>Біз нені үйрендік ? Балалардың өзіне қатысты кеңістікті бағдарлауы, 1-10 аралығындағы сандарды қайталау, қосу және алу есеп шығаруды, саның белгілерін бекіту. Апта күндерін, жыл мезгілдерін, тәулік мезгілін , геометриялық көлемді денелерде, көрсетіп атап беру.</p>	<p>-топтардың амандасуы: «Сандар», « Пішіндер» -жыл мезгілдері -айлар мен апталар -«Кім тез?» логикалық есептер - «Не үйрендік , не білдік?» Қорытындылау</p>	<p>Үлестірмелі сандар, жыл мезгілдері туралы слайд</p>

